

ЭОЖ 81

ҒТАХР 17.82.30

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.028>

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ «ӘКЕ» КОНЦЕПТІСІ: КОНТЕНТ ТАЛДАУ (М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Толеукопыр Ж.К.¹

¹ «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала қазақ прозасындағы «әке» концептісін контент талдау тұрғысында зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты қазақ прозасындағы «әке» концептісін талдау арқылы ұлттық дүниетаным көріністері мен авторлық концептосфераны анықтау. Гиперконцепт ретінде «әке» концептісінің қазақ прозасында сомдалуы статистикалық тұрғыда нақтылауды қажет етеді. Контент талдау әдісі зерттеу нысаны ретінде алынып отырған М.Әуезов шығармашылығындағы «әке» концептісінің семантикалық, символдық аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Қаламгердің поэтикалық әлем бейнесінде концептілерді айқындаудың маңызы зор. Автордың поэтикалық әлем бейнесін концептілер құрайды. Осыған сәйкес М.Әуезов шығармасындағы «әке» концептісі контент талдау әдісімен талданып, гиперконцепт ретінде қарастырылды. Гиперконцепт – ментальды құрылымдағы бірнеше концептілердің жүйесі. Зерттеу барысында «әке» гиперконцептісіндегі концептілер жүйесі анықталды. Контент талдау нәтижесінде «әке» концептісінің негізгі категориялары айқындалып, нәтижесі берілді. Мақалада «әке» концептісінің қазақы дүниетанымдағы көрінісі мен автордың поэтикалық әлем бейнесіндегі көрінісі салыстырылды. Автордың поэтикалық әлем бейнесі көркем мәтіннің когнитивті табиғатын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге суреткерлік шеберлігі мен танымдық әрекеті көркем мәтінде көрініс табатындықтан поэтикалық әлем бейнесі мәтіндегі концептілерді тану нәтижесінде анықталады. Осылайша М.Әуезов шығармашылығындағы «әке» концептісі қаламгердің авторлық рефлексиясы мен суреткерлік шеберлігінің ұлттық дүниетаныммен үйлесімінде танылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей «әке» концептісі ұлттық дүниетанымның маңызды бірлігі және авторлық дүниетанымның нәтижесі.

Зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелердің когнитивті әдебиеттану, қазіргі қазақ прозасы салаларында пайда болуында. Зерттеу нәтижелері «әке» концептісін контент талдау призмасында анықтауға, талдауға және автордың поэтикалық әлем бейнесінде айқындауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: концепт, концептосфера, гиперконцепт, когнитивті әдебиеттану, когнитивистика, ментальдық құрылым, автордың поэтикалық әлемі, контент талдау, проза

Кіріспе

Мұхтар Әуезовтің шығармашылығының поэтикалық әлем бейнесін зерттеу қазіргі әдебиеттану үшін әлі де өзекті. Біріншіден, қаламгердің танымдық әрекетінің, суреткерлік шеберлігінің нәтижесі поэтикалық әлем бейнесін танытады. Екіншіден, қаламгердің поэтикалық әлем бейнесі мәтін деңгейінде анықталады. Нақтырақ айтатын болсақ, Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын (прозалық шығармаларын) зерттеу барысында көркем мәтіндегі концептосферасын модельдеу, ерекшеліктерін топтау, вербалды көріністерін анықтау сынды зерттеулер жүзеге асырылады. Қаламгердің поэтикалық әлем бейнесін зерттеушілер көркемдік әлемі, поэтикалық әлемі сынды ұғымдармен қатар қолданады. Үшіншіден, көркем мәтіннің когнитивтік табиғатын анықтауда қаламгердің поэтикалық әлем бейнесінің маңызы зор. Зерттеуші Л.Чернейко көркем мәтіннің шындықты бейнелеу ерекшелігін атай отыра, болмысты өзіндік бейнеде суреттейтін сананың моделі екенін алға тартады [1, 444 б.]. Көркем мәтін – автордың эстетикалық көзқарастарының ішкі әлемінде түрленуінің, шынайы болмыстың екінші мәрте модельденуінің көрінісі. Туындының негізі шынайы болмыстан бастау алады да, кейіннен автор санасында екінші рет әлемді модельдеу арқылы оқырман санасында түсінік қалыптастырады. Поэтикалық әлем бейнесі ұғымымен қатар әлем бейнесі, әлемнің концептуалды бейнесі тәрізді түсініктер жиі кездеседі. Әлем бейнесі әлемнің жалпы бейнесін білдірсе, әлемнің концептуалды бейнесі концептілер жүйесін танытады, сонымен бірге ондағы ментальдық құрылымдағы ақпараттардың көрінісі. Автордың поэтикалық әлем бейнесі дегеніміз – туындылардағы көркем концептілердің жүйесі. Қаламгердің эстетикалық танымын танытуда поэтикалық әлем бейнесін анықтау үлкен мәнге ие. Десек те автордың поэтикалық әлем бейнесін үш сипатта анықтаймыз: креативтілік, мәдени, концептуализация. Жекелей тоқталсақ, креативтілік шынайы болмысты бейнелеудегі талпынысты көрсетеді. Мәдени сипат автордың ұлттық мәдениет, менталитет мәселелерін қарастыруымен байланысты. Концептуализациялау сипаты – автор дүниетанымына тән ерекше концептілердің доминатты мағынаға ие болу үдерісі. Поэтикалық әлем бейнесіндегі негізгі бірлік – көркем концепт. Мұхтар Әуезовтің шығармашылық әлеміндегі, соның ішінде поэтикалық әлем бейнесіндегі «әке» концептісін анықтау гиперконцепт деңгейінде талдауға мүмкіндік береді. Ғылыми айналымда А.Кушанова, А.Кушкимбаева зерттеу мақаласында Мұхтар Әуезовтің прозалық шығармаларындағы авторлық концептосфера, ондағы «билік» концептісі когнитивті-дискурстық парадигмада қарастырылды [2, 220 б.]. Осы тұста зерттеуді негізге ала отырып, «әке» концептісін көркем концепт, гиперконцепт жүйесінде талдау автордың поэтикалық әлем бейнесіндегі ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мұхтар Әуезов шығармашылығы – қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, болмысын, құндылықтарын көркемдік тұрғыдан терең суреттеген құбылыс жиынтығы. Зерттеуші Г.Пірәлі қаламгер шығармаларындағы этностық болмыстың мәдени-діни құндылықтармен сабақтасуын ірі құбылыс деп таниды [3, 45 б.]. М.Әуезов туындыларында тарихи контекст ұлттық дүниетаным элементтерімен қатарласа қолданылады. Мақаладағы зерттеу материалы – қаламгердің «Қараш-қараш оқиғасы» повесі. Зерттеу нысаны повестегі «әке» концептісін талдау. Осыған сәйкес мақалада сипаттау, интерпретациялық талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Сонымен бірге зерттеуімізде контент талдау әдісі сәтті жүзеге асырылып, «әке» концептісінің қаламгердің поэтикалық әлем бейнесіндегі образдық, ассоциациялық ерекшеліктері анықталды. Контент талдау арқылы «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі «әке» концептісінің көрінісі семантикалық, символдық мағыналары жағынан талданды. Зерттеуде «әке» концептісінің категориялары көркем мәтіннен іріктеліп, шығармадан келтірілген үзінділер кейіпкердің мінез-құлқы, авторлық сипаттама, когнитивтік фреймдер негізінде бес сипаттан тұратын категориялар айқындалды. Әр категорияның пайыздық көрсеткіші көркем шығармадан әке концептісіне қатысты барлық мысалдардың жиынтығын есептеу арқылы жүзеге асты.

Талқылау мен нәтижелер

Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесі – байлық пен кедейліктің диалектикасын суреттейтін философиялық туынды [4, 133 б.]. Туындыдағы әлеуметтік қақтығыс ХХ ғасыр басындағы қазақ жеріндегі орын алған оқиғаларға негізделген. Қаламгердің шығармашылығындағы ерте кезең реалист жазушының ұлттық әдебиеттануға жаңа көркемдік әдісті алып келуімен байланысты. ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары жазылған прозалық шығармаларында жанрлық ерекшеліктермен қатар, көркемдік шеберлігінде де серпіліс бары көрінеді. Бұл жөнінде зерттеуші Е.Лизунованың пікірі бар. Оның айтуынша, М.Әуезовтің жиырмамыншы жылдары жарияланған әңгімелерінде оқиғалардың әлеуметтік салдарлары, психологиялық сипаттамалары прозалық туындыларының ауқымын кеңейткен [5, 271 б.]. «Қараш-қараш оқиғасы» повесі – М.Әуезовтің социалистік реализм негізінде жазылған туындысы. Бақтығұлдың Жарасбай байдан кек алуын, феодалдық бөлініс жайын әңгімелеу арқылы повестегі әлеуметтік қақтығысты айқын көрсеткен. Кейіпкерлер әлеміне тоқталатын болсақ, Бақтығұл ХХ ғасыр басында жарияланған шығармаларда жиі кездесетін жаңа әлемді құраушы, революционер образында көрінеді. Жалпы аталған кезең қазақ әдебиетіндегі жаңа типтің қалыптасуына әсер етті. Өйткені жаңа саясат, жаңа экономика әлемге басқаша қарауға, соның

негізінде жаңа кейіпкерлердің қалыптасуына ықпалын тигізді. Повестің идеялық-көркемдік концепциясын сол кезеңнен ажыратып ала алмаймыз. Кеңестік әдебиет дәуірінде жазылған туындыда қазақ ауылының тұрмысы асқан дәлдікпен суреттелген. Кедейлердің типтік бейнесі Бақтығұл образынан айқын көрінеді. Бақтығұл – романтикалық белгілер жиі кездесетін қаһарман. Адамдық, әділдік, адалдық сынды қасиеттер Бақтығұлдың болмысын, негізгі құндылықтарын таныта түседі. Шығармада кейіпкердің психологиялық сипаттамасы шарасыздық, қорлық сынды сезімдердің тоғысында көрінеді. Қаламгер Бақтығұлдың болмысын эмоциялы түрде әрі поэтикалық ассоциациялар арқылы танытады. Жарасбай, Сәлмен, Сәт, Сәрсен тәрізді болыс образдары Бақтығұл образымен контраст арқылы суреттелген. Соның ішінде Жарасбай болыстың шынайы бет-бейнесі сайлау жақындағанда көрінеді. Екі кейіпкер арасындағы қақтығыс сыртқы болмысқа емес, ішкі тартысқа құрылған. Осылайша Бақтығұл мен Жарасбай арасындағы қақтығыс реніш емес, феодалды жүйемен күрес деп қабылданады. Жалпы кейіпкерлердің реалистік негізінде тарихи дәлдік, адамдар арасындағы қатынас, ұлттық дәстүрлер, ұлттық болмыс, ұлттық негіз айқын сомдалғанын көреміз. Туындыдағы ұлттық психологизм Бақтығұлдың образын күрделендіре түскен. Әсіресе Бақтығұлдың әке образында танылуы әділеттік үшін күресте айқын көрінеді. Осылайша «әке» концептісінің рухани әке ретіндегі ассоциациялық қатарын құрайды. Әке жайлы түсінік моральдық ұғымдармен анықталады.

Повестегі «әке» концептісі гиперконцепт ретінде бірнеше мағыналық, символдық қатарға ие. Тірегінен айырылған Бақтығұл мен Тектіғұлдың жетімдігі әділетсіз қоғамдағы қорғансыздық символын көрсетеді. Повестің басындағы әке өлімінің берілуі әлеуметтік, рухани мәнге ие. «...Ел ішіне келген қалың сүзектен әке-шеше қатар төсек тартып жығылып, араларына екі-ақ күн салмай, әуелі – шеше, артынан әке өлді...» [6, 89 б.], - дегенде әке концептісінің биологиялық мағынасы көрініс табады. Әке бала үшін қоғаммен байланыс қалыптастырушы ретінде маңызы зор. Әкенің қоғамдағы қызметі баласын өмірге икемдеумен анықталады. Алайда Бақтығұл мен Тектіғұл әкелерінен айырылып, жетімдіктің зардабын тартады. Бұның астарында әділетсіз қоғамдағы қорғансыз қалу символдық мәні жатыр. Сонымен бірге әңгімеде Бақтығұлдың Тектіғұлға әке орнына әке болғаны айтылады. «...Сонда он алты жасар Бақтығұл он жасар осы Тектіғұлды біресе қолынан жетектеп, біресе шаршағанда арқалап алып, әкесі айтқан нағашы деген ел болмысқа бірнеше күн итшілеп жаяу кезіп, зорға жетіп еді» [6, 89 б.], - дегенде Бақтығұлдың інісіне деген әкелік қамқорлығы айқын көрінеді. Әлеуметтік сипатта Бақтығұлдың інісіне әке атануы «әке» концептісінің ассоциациялық қатарында қамқоршы мағынасында танылады.

Көркем туындының негізгі арқауы саналатын әлеуметтік қақтығыс «әке» концептісінің бұзылғанын көрсетеді. Әке болу отбасындағы, жалпы

қоғамдағы тәртіпті сақтау деп түсінсек, Сәт, Сәлмен, Жарасбай болыстардың образы «әке» идеалына қарсы сомдалған. «Әке» идеалында танылатын билік өкілдері қоғамдық тәртіпті сақтау қызметін атқарғанымен, образдық жағынан қарсылыққа ие. Этикалық тұрғыда әке түсінігінің құлдырауы Жарасбай байдың әрекетінен анық көрінеді.


Моральды тұрғыда «әке» концептісі әділет пен болашаққа деген үміттің символы ретінде анықталады. «Әке» концептісінің әділеттілік символы деп көрінуі Бақтығұлдың қорлық көрсеткен Жарасбай байды шатқалда атуымен байланысты. Болашаққа деген үміт түрмеге түскен қасына алған баласымен арадағы диалогтан көрінеді. «...Қалқатайым, оқу оқы! Ала қағаздан басыңды алма. Сені бірдеңеге жеткізсе – сол жеткізеді. Әйтпесе көремісің – міне, менің не болғанымды...» [6, 164 б.], – дегенде ендігі үміт баласы Сейітте екенін анық көреміз. Сонымен бірге болашақтан үміт әкенің балаға сенім артуына, оның болашағына шүбәсіз сенуіне себеп Сейіттің оқуы болып отыр. Оқу арқылы әкесінің қорлығы, бастан өткен оқиғалардың есесі кететіні символды түрде тұрғандай. Повесте берілген бір отбасының тарихы арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамы жайлы, сонымен бірге отбасы туралы түсініктерді топшылауға мүмкіндік береді. Отбасы дегеніміз – кез келген қоғамның негізгі ұясы, мәдени, рухани құндылықтарды сақтаушысы [7, 407 б.]. «Әке» гиперконцептісінде отбасының маңызы зор, өйткені әке – отбасының тірегі. Халқымызда «Әкесіз жетім – арсыз жетім, анасыз жетім – шерлі жетім» деу арқылы отбасының негізгі тірегі ата-ана екенін көреміз. Бала өмірінде әке мен ананың рөлі жоғары. Олардың бала өмірінде жоқтығы тағдырына да әсер етеді. Повестегі «әке» концептісінің анықталуы сүйеніші жоқ Бақтығұл мен Тектіғұлдың жұтаң тұрмысынан да, тағдырынан да анықталады.

Н.Арутюнова пікірінше, концепт – жайлексикалық бірлік емес, этностың философиялық, мәдени көзқарастарын бейнелейтін менталды құрылым [8, 87 б.]. Ю.С. Степанова концепті «мәдени доминант» [9, 43 б.], В.Карасик, Г.Слышкин концепті «сана – мәдениет – тіл» үштігінде қарастырады [10, 76 б.]. «Әке» гиперконцепт ретінде «отбасы» концептісімен байланысты. Отбасы концептісі туыстық қатынаста *отбасы – ру – шежіре – ұлт* деген иерархиялық жіктелімде анықталады. Отбасы әлеуметтік қатынастардың байланысын, мемлекеттің негізін құрайды. «Әке» гиперконцепт ретінде отбасы, ру, шежіре сынды отбасылық категорияға; әділдік, адалдық, арнамыс деп моральдық категорияға; қамқорлық, мейірімділік, жауапкершілік сынды әлеуметтік категорияға жіктеледі.

М.Әуезов шығармаларындағы қоғамның қайшылығын, трагедиялық ахуалын адам концепциясында зерттеген А.Ісімақова болды [11, 195]. «Әке» гиперконцептісінде «адам» концептісінің анықталуы сан түрлі адами қасиеттер мен мінездерді топшылауға мүмкіндік береді. Повесте қазақ тұрмысында толғағы жеткен мәселелер кейіпкерлер әлемі арқылы көрінеді.

Қоғамдағы теңсіздіктер, қайшылықтар қорғансыздар, жетімдер тағдырымен астаса суреттеледі. Реализм арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерді жеткізуге талпыныс авторлық көркемдік идеямен, поэтикалық әлем бейнесімен таныла түседі. Терең психологизммен тұтасқан суреткерлік шеберлік халқымыздың көркем ойлау мәдениетін биікке көтерді. Бақтығұл мен Тектіғұл кейіпкерлерінің табиғатын Жарасбай сынды образдармен контраст арқылы беру автордың негізгі көркемдік идеясына негізделген.

Гиперконцепт – ментальды құрылым ретінде бірнеше концептілердің байланысын құрайтын жүйе. Гиперконцепт мәтіндегі доминантты лексикалық мағынамен тікелей байланысты. Оқырман санасында гиперконцепттің қалыптасуы көркем мәтіннің лексикалық құрылымына негізделеді. Осылайша мәтіннің ассоциациялық өрісі, оқырманның танымдық әрекеті және лексикалық құрылым гиперконцептті қалыптастырады [12, 350 б.]. Гиперконцептінің бірнеше концептілердің жүйесі деп қарайтын болсақ, «әке» концептісі бірнеше жүйелерден құралады (1-сурет).



Сурет 1 – «Әке» гиперконцептісінің жүйесі

«Әке» гиперконцептісінің ішкі мазмұны «адам» концептісімен, анығырақ кейіпкердің тұлғалық қасиеттерімен ашылады. М.Әуезов туындысындағы Бақтығұл бейнесі арқылы әкенің «адам» ретіндегі моральдық бейнесі, яғни әділдікке ұмтылуы, ар-намысын биік қоюы айқын көрінеді. Осы негізде әке биологиялық тұрғыда текті жалғастырушы ғана емес, рухани құндылықтарды тасымалдайтын тұлға ретінде концептуалданады. Ал өз кезегінде «отбасы» концептісі – иерархиялық жүйедегі әкенің әлеуметтік мәртебесінің сипаттамасы. Мәселен Бақтығұлдың баласы Сейітке «оқы» деп бағыт беруі әкенің бағдар беруші рөлін әрі отбасы алдындағы жауапкершілігін танытады. «Әке» гиперконцептісі тұлғалық және қоғамдық деңгейлердің жүйелі байланысынан құрылып, өз кезегінде категорияларға ажыратылады.

Зерттеу барысында Мұхтар Әуезов шығармасындағы «әке» концептісі бірнеше категорияларға бөлу контент талдау әдісімен жүзеге асты. «Әке» концептісінің символдық, мағыналық қатарларды талдау нәтижесінде «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі негізгі қатарлар анықталды (1-кесте).

Кесте 1. М.Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі «әке» концептісінің категорияларда анықталуы

№	Категория	Сипаттама	Туындыдан үзінді	Пайыздық көрсеткіш
1	Биологиялық әке	Шығарма басындағы әке мен ананың өлімі, әсіресе әкенің физикалық тұрғыда жоғалуы баланың ішкі әлемінің тез қалыптасуына әкеледі.	«...Ел ішіне келген қалың сүзектен әке-шеше қатар төсек тартып жығылып, араларына екі-ақ күн салмай, әуелі – шеше, артынан әке өлді...» [6, 89 б.].	25%
2	Әлеуметтік әке	Бақтығұлдың бауыры Тектіғұлға әке орнына жауапкершілік алып, қамқор болуы.	«...немді алмадың? Жанымды да алғансың! Жар дегенде жалғыз қанатым – Тектімді тепкіңмен өлтірмеп пе едің...» [6, 108 б.].	30%
3	Рухани әке	Әке ұғымы әділет, ар-намыс түсініктерімен тығыз байланысты.	«...Сорлы ер кедей ғой, өліп кетсе де шынымен кетеді...» [6, 137 б.].	20%
4	Символдық әке	Моральдық тірек ретінде әкенің қоғамдағы маңызы зор.	«...Қалқатайым, оқу оқы! Ала қағаздан басыңды алма. Сені бірденеге жеткізсе – сол жеткізеді. Әйтпесе көремісің – міне, менің не болғанымды...» [6, 164 б.].	10%
5	Жалған әке (жалған қамқорлық)	Әке рөлін атқарғанмен, моральдық тұрғысынан образдар арқылы ашылады.	«...Мықты болыстың нығыз арсыз, жуан жонын көріп тұрып, Бақтығұл тістеніп ап «Қап!» деп ернін шайнады...» [6, 146 б.].	15%

«Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі «әке» концептісіндегі басым категория әлеуметтік әке (30%) анықталып отыр. Бақтығұл бейнесі арқылы әкенің жауапкершілігі мол, мейірімді, өзін құрбан етуге дайын моральдық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Келесі кезекте биологиялық әке (25%), рухани әке (20%) категориялары әкенің рухани тірек екенін анықтайды. Жалған әке (15%) қаламгер шығармасындағы билік иелерінің әке рөлін атқарса да, моральдық құндылықтардан жұрдай екенін көрсетеді. Символдық әке категориясы (10%) әкенің баласынан болашақтан күтер үмітін білдіреді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелерін түйіндей келе, М.Әуезов туындысындағы «әке» концептісі ұлттық дүниетаным мен авторлық таным тоғысқан күрделі гиперконцепт екені анықталды. Жүргізілген контент талдау әке

гиперконцептісінің мазмұнын «әке – адам – отбасы» атты өзара байланысқан құрылым айқындай түседі.

Әке бейнесінің негізі, іргетасы оның тұлғалық, адамдық қасиеттерімен ашылады. Өз кезегінде бұндай ерекшелік адам концептісінде айқын көрініс табады. М.Әуезов прозасындағы Бақтығұл образы арқылы әкенің бойындағы ар-намыс, әділдік сынды қасиеттердің маңыздылығы танылып, адами-моральдық негізі айқындалады.

Әкенің қоғамдағы рөлі, отбасындағы маңызы – ұлттық дүниетанымның ажырамас бөлігі. Ұлттық дүниетанымда әке мен баланың байланысы тірек, пана, сынды түсініктермен жүзеге асады. Өз кезегінде Бақтығұлдың баласына тірек бола білуі «оқы» деп бағыт беруінен көрініс табады.

Зерттеуімізде М.Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі «әке» концептісін талдау арқылы әкенің әлеуметтік рөлі алдыңғы қатарға шықты. Әкесінен айырылған Бақтығұлдың інісіне қамқорлық танытуы, өз мойнына жауапкершілік алуы әлеуметтік әке категориясында анықталды. М.Әуезов прозасындағы «әке» концептісі биологиялық, әлеуметтік, рухани аспектілерде тоғысады. Әке – текті жалғастырушы ғана емес, әлеуметтік жауапкершілікті арқалайтын, қорған бола білетін әрі бағдар беруші тұлға.

Гиперконцепт ретінде әке концептісі – бүгінгі когнитивті әдебиеттанудың негізгі зерттеу нысаны. Көркем туынды кеңістігінде әке концептісі авторлық концептосфера мен оқырманның рецептивтік-танымдық әрекетінің нәтижесінде көрініс табады.

Қорытындылай келе, «әке» гиперконцептісін когнитивті әдебиеттану тұрғысынан зерделеу қазақ халқының ұлттық болмысын, отбасылық құндылықтарын және қаламгердің поэтикалық әлемін терең түсінуге, пайымдауға жол ашады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Чернейко Л.О. Гипертекст как лингвистическая модель художественного текста // Структура и семантика художественного текста: материалы VII Международной конференции / под ред. Е. И. Дибровой. – Москва, 1999. – С. 438-460.

[2] Кушанова А.Н., Кушкимбаева А.С. «Қилы заман» повесіндегі кейіпкерлердің лингвокогнитологиясы // Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. – №1. – Б. 217-229. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.015>

[3] Пірәлі Г.Ж., Құрманбаева А.П. М.Әуезовтің беймәлім мұраларындағы түркі әлемі: жаңаша интерпретация және ғылыми дискурс // Керуен. – 2025. – №2. – Б. 33-48. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-02>

[4] Kuchshanova A.N., Kushkimbayeva A.S., Akchambayeva Sh.T., Bostekova A.R. & Mirov M.O. Linguacultural and Cognitive Images of Characters

in Mukhtar Auevov's Literary Works // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – №11 (1). – Pp. 129-138. DOI: <https://doi.org/10.32601/ejal.11112>

[5] Лизунова Е.В. Мастерство Мухтара Ауэзова. Классические исследования: Многотомник. Т. 18: Художественное мастерство М.О.Ауэзова. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. – 424 с.

[6] Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 5-том. Повестер. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 1927-1929. – 376 б.

[7] Тортай Ш.А., Розиева Д.С. Отбасы концепті ирланд және қазақ әлемінің тілдік бейнесінде // Абылай хан ат. ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. – №3. – Б. 406-422. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.023>

[8] Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка, событие, факт. – М.: Наука, 1988. – 339 с.

[9] Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Академический Проект, 2001. – 990 с.

[10] Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики, 2001. – С. 75-80.

[11] Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану (Әдеби зерттеулер) Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

[12] Болотнова Н.С. Поэтический текст как форма репрезентации гиперконцепта // Язык и общество в синхронии и диахронии. – Саратов, 2005. – С. 346-352.

REFERENCES

[1] Chernejko L.O. Gipertekst kak lingvisticheskaja model' hudozhestvennogo teksta [Hypertext as a linguistic model of literary text] // Struktura i semantika hudozhestvennogo teksta: materialy VII Mezhdunarodnoj konferencii / pod red. E. I. Dibrovoy. – M., 1999. – S. 438-460. [in Rus.]

[2] Kuchshanova A.N., Kushkimbayeva A.S. «Qily zaman» povesindegi keiipkerlerdin lingvokognitologiasy [Linguocognitology of characters in the story “Kily Zaman”] // Bulletin Kazakh Abylai Khan University of International relations and world languages. – 2025. – №1. – B. 217-229. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.015> [in Kaz.]

[3] Pirali G.Zh., Kurmanbayeva A.P.M. Auezovtin beimalim muralaryndagy turki alemi: janasha interpretasia zhane gylimi diskurs [The turkic world in the unknown legacy of M.Auevov: A new interpretation and scientific discourse] // Keruen. – 2025. – №2. – B. 33-48. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-02> [in Kaz.]

[4] Kuchshanova A.N., Kushkimbayeva A.S., Akchambayeva Sh.T., Bostekova A.R. & Mirov M.O. Linguacultural and Cognitive Images of Characters in Mukhtar Auevov's Literary Works // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – 11 (1). – Pp. 129-138. DOI: <https://doi.org/10.32601/ejal.11112>

[5] Lizunova E.V. Masterstvo Muhtara Auejzova [The Mastery of Mukhtar Auezov]. Klassicheskie issledovaniya: Mnogotomnik. T. 18: Hudozhestvennoe masterstvo M.O.Auejzova. – Almaty: «Adebiyet alemi», 2013. – 424 s. [in Rus.]

[6] Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq jinagy [A complete collection of his works in fifty volumes]. 5-tom. Povester. – Almaty: «Daur», «Jibek joly», 2014. 1927-1929. – 376 b. [in Kaz.]

[7] Tortay Sh.A., Roziyeva D.S. Otbasy konsepti irland jane qazaq aleminin tildik beinesinde [Concept of Family in the Irish and Kazakh linguistic pictures of the world] // Bulletin Kazakh Abylai Khan University of International relations and world languages. – 2025. – №3. – B. 406-422. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.023> [in Kaz.]

[8] Arutjunova N.D. Tipy jazykovyh znachenij: Ocenka, sobytie, fakt [Types of linguistic meanings: Evaluation, event, fact]. – M.: Nauka, 1988. – 339 s. [in Rus.]

[9] Stepanov Ju.S. Konstanty. Slovar' russkoj kul'tury [Constants. Dictionary of Russian culture]. – M.: Akademicheskij Proekt, 2001. – 990 s. [in Rus.]

[10] Karasik V.I., Slyshkin G.G. Lingvokul'turnyj koncept kak edinica issledovaniya [Lingvocultural concept as a unit of research] // Metodologicheskie problemy kognitivnoj lingvistiki, 2001. – S. 75-80. [in Rus.]

[11] Isimaqova A. Tauelsizdik kezenindegi adebiettanu (Adebi zertteuler) [Literary Studies in the Period of Independence (Literary Studies)]. Oku kuraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 260 b. [in Kaz.]

[12] Bolotnova N.S. Pojeticheskij tekst kak forma reprezentacii giperkoncepta [Poetic text as a form of representation of a hyperconcept] // Jazyk i obshhestvo v sinhronii i diahronii. – Saratov, 2005. – S. 346-352. [in Rus.]

КОНЦЕПТ «ОТЕЦ» В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ: КОНТЕНТ-АНАЛИЗ (НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ М. АУЭЗОВА)

*Толеуконыр Ж.К.¹

*¹ «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена исследованию концепта «отец» в казахской прозе в контексте контент-анализа. Цель исследования — определить проявления национального мировоззрения и авторской концептосферы через анализ концепта «отец» в казахской прозе. Как гиперконцепт, концепт «отец» в казахской литературе требует статистического уточнения. Метод контент-анализа позволяет выявить семантические и символические аспекты концепта «отец» в творчестве М. Ауэзова. Определение концептов имеет важное значение для раскрытия поэтической картины мира писателя, поскольку она формируется системой концептов. В соответствии с этим концепт «отец» в произведениях М.

Ауэзова анализируется методом контент-анализа и рассматривается как гиперконцепт. Гиперконцепт представляет собой систему взаимосвязанных концептов в ментальной структуре. В ходе исследования выявлена система концептов, входящих в гиперконцепт «отец». В результате контент-анализа определены основные категории концепта «отец» и представлены итоги исследования. В статье сопоставляются проявления концепта «отец» в казахском мировоззрении и в поэтической картине мира автора. Поэтическая картина мира автора позволяет раскрыть когнитивную природу художественного текста. Поскольку творческое мастерство и познавательная деятельность автора находят отражение в художественном тексте, поэтическая картина мира определяется через анализ концептов. Таким образом, концепт «отец» в творчестве М. Ауэзова проявляется как результат авторской рефлексии и художественного мастерства, гармонично сочетающихся с национальным мировоззрением. Результаты исследования показывают, что концепт «отец» является важной единицей национального мировоззрения и отражением авторского восприятия мира.

Практическая значимость исследования заключается в применимости полученных результатов в областях когнитивного литературоведения и современной казахской прозы. Итоги исследования позволяют определить и проанализировать концепт «отец» через призму контент-анализа, а также выявить его место в поэтической картине мира автора.

Ключевые слова: концепт, концептосфера, гиперконцепт, когнитивное литературоведение, когнитивистика, ментальная структура, поэтический мир автора, контент-анализ, проза

THE CONCEPT OF “FATHER” IN KAZAKH PROSE: A CONTENT ANALYSIS (BASED ON THE WORKS OF M. AUEZOV)

*Toleukonyr Zh.K. ¹

*¹ «Alikhan Bokeikhan University», Semei, Kazakhstan

Abstract. This article examines the concept of “father” in Kazakh prose through the method of content analysis. The aim of the research is to identify the manifestations of national worldview and the author’s conceptual sphere by analyzing the “father” concept in Kazakh prose. As a hyperconcept, the “father” concept in Kazakh literature requires statistical clarification. The content analysis method allows us to explore the semantic and symbolic aspects of the “father” concept in M. Auezov’s works. Identifying concepts is crucial for understanding the author’s poetic worldview, which is formed through a system of interconnected concepts. Accordingly, the “father” concept in M. Auezov’s prose is analyzed using content analysis and is viewed as a hyperconcept. A hyperconcept represents a mental structure composed of interrelated concepts. During the study, the system of concepts constituting the “father” hyperconcept

was identified. As a result of the content analysis, the main categories of the “father” concept were defined, and the outcomes were presented. The article compares the representation of the “father” concept in Kazakh traditional worldview and in the author’s poetic worldview. The author’s poetic worldview enables us to reveal the cognitive nature of the literary text. Since artistic mastery and cognitive activity are embodied in the text, the poetic worldview can be uncovered through the identification of its conceptual structure. Thus, in M. Auezov’s prose, the “father” concept is interpreted as a manifestation of the author’s reflection and artistic mastery, harmoniously aligned with the national worldview. The research results demonstrate that the “father” concept is both a fundamental unit of the national worldview and a reflection of the author’s individual perception of reality.

The practical importance of this study lies in the applicability of its findings to cognitive literary studies and contemporary Kazakh prose. The results contribute to identifying and analyzing the “father” concept through the lens of content analysis and to revealing its function within the author’s poetic worldview.

Keywords: concept, conceptosphere, hyperconcept, cognitive literary studies, cognitive science, mental structure, the author’s poetic world, content analysis, prose

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 26.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Автор туралы мәлімет:

Толеуконыр Жадыра Кунанбаевна – PhD докторант, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан, e-mail: jasmin_25.90@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-8569-0056>

Информация об авторе:

Толеуконыр Жадыра Кунанбаевна – PhD докторант, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Казахстан, e-mail: jasmin_25.90@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-8569-0056>

Information about the author:

Toleukonur Zhadyra Kunanbaievna – PhD candidate, «Alikhan Bokeikhan University», Semei, Kazakhstan, e-mail: jasmin_25.90@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-8569-0056>